

технологияларды ақпаратты оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, сабақты дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Оқушылардың білім деңгейін, логикалық ойлау қабілетін жоғарылатуда Блум таксономиясын тиімді қолдану арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://banauka.ru/479.html>
2. Білім берудегі менеджмент 2013 №1 84 с.
3. Вестник Акад. пед. наук 2011 №3 – 4 16 с.
4. *Коджаспирова Г.М, Коджаспирова А.Ю.* Педагогический словарь 145 с.
5. Қ.Р. Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарлама».

Комиссаров С.В.¹, Тоянқызы А.²

1. Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, доцент

2. Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Кәсіптік оқыту»

АҒАШТЫ КӨРКЕМДЕП ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕК ОБЪЕКТІЛЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАСАУ

Ағаштың керемет қасиеттері бар және ол өндеуге өте ыңғайлы. Бұл жылуды ұзақ мезгіл сақтай алатын ең берік және жеңіл материалдардың бірі. Ылғал немесе арнайы суға салынған ағаш сіз қалаған форманы қабылдай алады. Ағаштан ас үйде қолданылатын түрлі заттарды жасауға болады, мысалы, қасық, саптыаяқ, тамақ кесетін тақтайшалар мен ас үй құралдарын салатын қобдишалар. Өндірістің дамуымен өткен жүзжылдықтың басында барлық ағаштан жасалатын бұйымдардың орнын алдымен металл, кейін арзан да гигиена тұрғысынан тиімді пластмасс бұйымдар басты. Алайда табиғат жеңбей қоймайды. Ғалымдар жүргізген зерттеу жұмыстары ағаш ыдыста бактериялар мен түрлі аурулардың қоздырғыштары аз болатындығын дәлелдеді. Пластиктан жасалған тақтайға қарағанда ағаш тақтайшада азық-түліктер жақсырақ кесіледі.

Ағаш бұйымдарды жасау үшін асқан шеберліктің қажеті жоқ. Тек аз ғана шыдамдылық пен еңбекқорлық танытсаңыз болды, өз қолыңызбен жасаған түрлі заттар шаруашылығыңызда пайда болады. Ағаш құрылыс материалы ретінде қыңырлық танытпаса да, онымен жұмыс істеген кезде кейбір қателіктерге жол беруге болмайды. Қисық кесілген тақтайға бірнеше жетіспейтін сантиметр жалғау немесе болашақ бұйымға зарар келтірмей бүлінген тегістікті түзету мүмкін емес. Бұл ермексаз немесе сазбалшық емес, бірақ икемділігі бойынша ағаш олардан кем емес[1].

Ағашпен жұмыс істеген кезде оның текстураланған суретін бүлдіріп алуға да болады, ажарландыра түсуге де болады. Соңғы жағдайда ағаш бұйым одан сайын көркейе түседі.

Ағаш өз мәнін жойды деуге болмайды: ол жиһаз өндірісінде, құрылыста, біздің тұрмысымызды әшекейлеуде өте қажет.

Ағаш қасықтар негізінен сувенир ретінде қолданылады, әсіресе, хохлома суретімен әшекейленген болса. Ағаштан жасалған бұйымдарды тамақ ішу үшін қолданбаған абзал, олар ылғалды ұнатпайды, ұзақ уақыт кебеді және аз уақытта жарамсыз болып қалады. Ағаш қалақшаларды табаның бетін жырмау үшін тамақ қуыру кезінде қолдануға болады. Бұндай қалақшаларды айына бір мәрте ауыстырып отыру керек.

Адамның ағаштан жасаған барлық заттары күнделікті өмірде қолдануға арналған және сонымен қатар олардың рухани маңызы да жоқ емес. Өйткені қолданбалы өнердің ең бір маңызды белгісі – қолданыс үшін жасалатын заттар шебердің көңіл-күйін, оның сезімдері мен ойларын халыққа жеткізуші болып табылатындығы. Адам затты формасы мен қабылдағыштығы бойынша жақсартады, ал еңбек үрдісінде оның қолы жетіледі, материалдың формасын, түсін, пропорциясын, симметриясын, ырғағын сезіну қабілеті арта түседі.

Ағаш бірқатар оң қасиетке ие: механикалық беріктілігі аса жоғары, жылу өткізу қасиеті төмен, нығыздығы орташа, қышқылдар, тұздар, майлар әсеріне химиялық төзімділігі бар. Сондай-ақ, дұрыс пайдаланылған жағдайда ағаштан жасалған құрылғылар көп жылға дейін сақталады.

Ағаштың түсі мен құрылымы сан түрлі, бұл шеберге көркем композиция жасаудың қосалқы әдістерін қолданбай-ақ материалдың әсемдігін көрсетуге мол мүмкіндік береді. Бүгінгі күні бізді қоршаған әлем ақпаратқа, сан алуан жарнамалардың түлі-түсті бояуларына, кеңсе жиһаздары мен дүкендердің шыны және пластигіне толы. Сондықтан да кешке үйге қайтқан кезде біз жайлылықты, тыныштықты және жылулықты аңсаймыз[2].

Ағаш өңдеу өз дамуының басында ұзақ уақыт бойы тек қана қол еңбегін қолданылатын шағын кәсіптің саласы ғана болды. Ағашты механикалық өңдеудің алғашқы түрі ХІ ғасырда Голландияда пайда болған ағаш кесу болды. Бөренелер жел диірмендердің көмегімен қозғалатын қарапайым ағаш кесетін рама тәрізді кесу диірмендерінде кесілген. Кейін ағаш кесетін рамалардың су доңғалақтарынан (су кесу диірмендері) қуат алуы енгізіле бастады.

Кез келген үй интерьеріндегі ағаш фактурасы, түсі және «табиғи» жылуы психологиялық релаксация атмосферасын орнататын материал болып табылады. Ол бізге балалық шағымызды және әжеміздің үйін еске түсіреді: жалаң аяқ басып жүре беретін ағаш еден, қарапайым ағаш жиһаз және айналардың жақтаулары.

Мүмкін содан да болар, ғасырлар бойы табиғатпен жасалынып келген заттарды (тас, ағаш, жүн) түпнұсқасымен сыртқы ұқсастығын керемет сақтай отырып, тіпті оларды беріктілік, суға төзімділік, тозуға төзімділік сияқты жаңа қасиеттермен жақсартып синтетика арқылы имитациялауға қол жеткізілген

қазіргі жоғары технологиялар ғасырында табиғи материалдарға деген қызығушылық жоғалмағанын айтпағанда, күннен күнге артып келеді.

Ағаштан жасалған бұйымдардың және олардың конструкцияларының саналуандығына қарамастан оны өңдеудің технологиялық үрдістері бірегей қағидалар негізінде құрылады. Тек өңдеу тәсілдері мен әдістері ғана өзгерген: қол еңбегін өндірістің механикалық тәсілдері ауыстырды, олар ағашты өңдеу уақытын қысқартады, еңбек өнімділігін және орындалған бұйымдар сапасын арттырады.

Ағашты өңдеудің ерекшеліктері оның сан ғасырлық дәстүрлерінде, адамның нақты қажеттіліктеріне үнемі бағдарлануында, еңбек тәсілдерінің эволюциялық дамуында, өнім тізімдемесінің үнемі жаңаруында және кеңеюінде, өндіріс тауарлығы ілгері өсуінде[3].

Ағаш материал ретінде қиял үшін үлкен өріс береді. Оны жоғары дәрежеде қолданудың мүмкіндіктері сан түрлі. Ағашты кесуге болады, ол оңай сырланады, желімденеді; жылумен өңдеу кезінде ағаш өзгеру қабілетіне ие, сондай-ақ бұйымдар жасау үшін қолданады.

Дайын бұйымдардың қасиеті көбінесе жасау үшін қандай материал алынғандығына байланысты. Мысалы, ағашты таңдаған кезде оның жапырақты немесе қылқан жапырақты түрге жататыны маңызды.

Ағаштан жасалған көркем бұйымдар және кәдесыйлар өндірісінде ағаштың жұмсақ жапырақты түрі кеңінен тараған: үйеңкі, қайың, қандыағаш, көктерек, емен; сирегірек қатты түрі: жаңғақ, самшит және т.б. Ағаштардың қылқан жапырақты түрінен аздаған көлемде қарағай және шырша, тисса, арша пайдаланылады.

Ағаш бұйымдарды токарлық және столярлық білдектерде әзірлейді, сондай-ақ, қашаулар, пышақтар және басқа да қарапайым құралдар көмегімен қолмен жасайды. Содан кейін бұйымдардың көпшілігін тегістейді, жылтырлайды, лакпен жабады. Көптеген шеберлер бұйымдардың сыртын майлы, анилин, гуаш бояуларымен немесе нитро-бояу, күйдіру, инкрустация, интарсия әдістерімен сурет салып әшекейлейді.

Қобдиша көлемі шағын ынғайлы ұсақ-түйек салуға арналған зат. Қобдишаны ата-аналар қыздарына арнап жасатқан.

Қобдиша тақтайдан жасалып, сыртын ою-өрнекпен безендіріліп және әртүрлі асыл тастармен әшекейленген. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шебер өндіретін

бұйымдарын әр түрлі бұйымдар жасай білді. Әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарын асқан шеберлікпен көркемдей білген. Осындай шеберліктен туындаған, қазақ арасына кең тараған – ағаштан жасалған қобдиша. Ол Қазақстанның барлық аймағында кең таралған[4].

Ағаш адамға белгілі және түрлі мақсаттарда қолданылатын ежелгі материалдардың бірі болып табылатындықтан осындай кең қолданысқа ие. Бұл жерде сүректі тек металдармен ғана салыстыруға болады. Сондықтан да ағаш бойынша сан алуан жұмыс тәсілдері және қолдану салалары болғандығы табиғи үрдіс болып табылады.

Сонымен қатар сүрек столярлық және ұсталық істе қолданылады. Әрине, олардың арасында ерекшелік бар, бірақ бұл өзгешелік өте үлкен емес.

Ағаштың столярлық және ұсталық өңдеуін айтарлықтай бұдыр болады және көбінесе сүрек шығармашылық материалы ретінде ие болатын мәнерлі мүмкіндіктерге назар аударылмайды.

Егер қобдишаны әр-түрлі үлгілердегі жобамен жасап нарыққа ұсынатын болсақ адамдар күнделікті өмірде сапалы, әр-түрлі қобдиша тандап алуына мүмкіндік алар еді. Ұлттық өнерімізді дамуына жағдай жасар едік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Каплан Н.И., Митлянская Т.Б. Народные художественные промыслы: Учеб. Пособие. - М.: Высш. Школа, 2006. - 176 с., ил.

2. Моран А. История декоративно-прикладного искусства. - М.: Искусство, 2008. - 577 с., ил.

3. О судьбах народного искусства см.: Декоративное искусство СССР, 1959, №11; 1960, №3-6, 8, 10-12; 1961, №7. О народности и современности см.: Декоративное искусство СССР, 1975, №8; 1978, №8.

4. Попова О.С., Каплан Н.И. Русские художественные промыслы. - М.: Знание, 2004. - 144 с.

Шагиахметова Л.М.¹, Уразов М.А.²

1. Научный руководитель, магистр естественных наук, старший преподаватель

2. Студент 3 курса, кафедры физико-математических и общетехнических дисциплин, специальность «Профессиональное обучение»

ОБУЧЕНИЕ УЧАЩИХСЯ КОВКЕ В УСЛОВИЯХ УЧЕБНЫХ МАСТЕРСКИХ

Кузнечное дело с давних времён является очень важным ремеслом.. Кузнец, как говорили раньше, разговаривает с металлом и обладает большой силой. Кузнецу приписывали сверхъестественные силы, потому из-под молота кузнеца выходили самые разнообразные предметы - от обычного серпа до трепетной розы. На самом деле, знание свойств металлов, умения и навыки позволяли мастеру творить чудеса.

Особенное значение работа кузнеца имела во время военных действий, кузнец ковал доспехи, мечи, щиты и шлемы. А неизменными клиентами кузнечного дела были обычные крестьяне. Для них кузнец всегда ковал подковы, косы, вилы, мотыги и т.д. Но на смену старому пришло новое. Появилась механическаяковка, не требующая большой силы, и инструменты и оружие, так необходимые в прежние времена, перешли из разряда необходимых в разряд коллекционных.

Сегодня художественнаяковка очень редка, но довольно таки востребованная.